

**Ә. Қалкенов, 2 курс**

**Ғылыми жетекшісі: А. А. Әміреева, философия және әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты**

**(КР IIM Алматы Академиясы)**

## **ДІНИ ФУНДАМЕНТАЛИЗМ МЕН ЛАҢКЕСТІКТІ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҮҚПАЛЫ**

Лаңкестікті болдырмау үшін алдын-алу шаралары күшейтілуде және күшейтіле де бермек. Ол үшін жаңа технологиялар мен әдістерді пайдалану енгізілуде. Оған әрине қыруар қаржылар керек. Терактілердің алдын-алу (превентивті) шаралары алуан түрлі. Оған мысалы елдегі коррупциялық қылмыстармен күрес, азаматтардың саяси-мәдени дәрежесін көтеру, демократиялық нормалар мен құндылықтарды сақтау және т. б. Осындай жағдайда Қазақстанға діни экстремизмнің таралуына жол бермеу үшін көптеген сақтық шараларын жүзеге асыруға тұра келеді.

Терроризмнің басты себептері бай және кедей елдердің саяси қақтығысы, өркениеттер қайшылығы, экономикалық, діни, этникалық және басқа да саяси мұдделер карама-қайшылығында деуге, біздіңше, толық болады. Орталық Азия мемлекеттерінде терроршылдықтың тобын толтыратындар дін тазалығы үшін, діни мемлекет құру үшін күресетіндер ішінен көбірек кездеседі. Діншілдіктің радикалдық түрі өмірге діни фанатизмнің небір ұшқары түрлерін тудыруда. Қазақстанмен шектес Орта Азия мемлекеттерінде дінді саяси өмірде пайдаланудың құпия немесе жария діни орталықтары жұмыс істеуде.

Халықаралық террорлық ұйымдар соңғы кездері өз қатарларын Орталық Азия елдерінің азаматтары есебінен толықтыруға кірісті. Терроризммен бірлесіп күресу жолында осы жағдайға көніл аудармаса болмайды.

Дінді саяси мақсатқа пайдалану ғаламданудың, өркениеттің жемісі. Ислам дінін қаралауда соның нәтижесі. Терроризм, ваххабизм секілді құбылыстар «қой терісін жамылған қасқырға ұксап» дінді қолшоқтар етіп жүрген кейбір саяси топтардың қасақана құрастырган құйтырқылығы. Осынау қараниетті саяси пигылдардың кесірі нәтижесінде діндер арасында іріткі пайда бола бастады. Байбаламшыл діни ағымдардың дүниеге келіп, тыныш әлемнің мазасын ала бастауы да тек қана белгілі бір топтың саяси-экономикалық мұддесіне қызмет етеді.

Сол үшін саясаттың мақсаты мен діннің мұратын шатастыруға болмайды. Ислам діні негізінен имандылықты уағыздайды. Бірақ оны қорғау және халыққа таныту оңай іс емес. Ислам дінінде «Ислам экстремизмі» деген тіркестің қолданылуы мұсылман дінінің ізгі қасиеттерін жокқа шығарғанмен тең.

Толық жатқан діни секталар өз миссионерлерін Қазақстанда қаптатып, орнықкан ислам дінін шайқалтуға тырысада. Бұл ретте үтіг насиҳат құралдарында исламның парасат пен ізгілікке, рухани тазалыққа шақыратын тұстарын ашып көрсете беру керек. Бұны, әсіресе, мектептерге, оку орындарына енгізген дұрыс болар еді. Сонымен қатар бұл Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына үлкен міндет жүктейді. Шынайы исламның қағидаларын ел арасында теренірек түсіндірген дұрыс.

Елімізде дін мәселесіне деген көзқарас тек мешіт медресе салумен ғана шектелуде. Олар жастармен жүйелі жұмыс жүргізбейді. Рұқсатсыз діни оку орындарын ашып алғандар да

барышылық. Оларда қанша адам оқитыны және оқу бағдарламалары белгісіз. Алдағы уақытта бұл керегарлықпен күрес шараларын жургізбесе болмайды.

Діни экстремизмге тосқауылды дінге тыым салу, күш қолдану жолымен ғана жүзеге асыру мүмкін емес. Террористер исламды шала білетіндер қатарынан жалған исламдық ұрандарды бетке ұстап, өз қатарын толықтыруды. Діни экстремизм думше фанатиктерден шығады. Дінді жете білмеген адамдар түрлі әлеуметтік-саяси қыншылықтардың салдарынан экстремистік саяси күштердің тілалғыш құралына айналып кетуі оңай. Оған мысалдар жеткілікті.

Халықтың оқып білім алудына жағдай жасау олардың саналығын арттырады, діни фанатизм идеологиясынан сактандырады. Ол үшін Білім және Ғылым министрлігінің, басқа да оқу-ағарту мекемелерінің арнайы іс-шаралары қабылданып, оның орындалуға бақылауға алынғаны жөн. Осы реттегі ең алғашқы шаралардың бірі – ғылыми және діни әдебиеттерді ана тіліне аудару болып табылады<sup>1</sup>.

Түрлі діндер арасындағы диалогты Астанада ұйымдастырудың үлкен маңызы болды. Қазақстан дінаралық татулық пен түсіністікті сақтап отырған ел ретінде өзгелерге үлгі болуға күш салуда. Біріншіден, түрлі діни секталардың ел ішіндегі тұрақтылықты шайқалтуға бағытталған іс-әрекеттеріне заң жүзінде тыым салу. Екіншіден, діни фундаментализм идеяларын әшкерелейтін діни ағарту жұмыстарын жандандыру. Үшіншіден, оқу орындарында жастарды зайырлылық рухында тәрбиелеуді күшету. Төртіншіден, ең бастысы, әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға арнайы көмек шараларын іске асыру және т. б.

Діни фундаменталистер мен экстремистердің жоғарыдағы айтылған келенсіздіктерге, елдегі объективті қыншылықтар жағдай тудырады. Әсіресе жастардың арасындағы жұмыссыздық, жоқшылық бұған қатты әсер етеді. Ал бұл дегенініз экстремизмге потенциалды кандидат деген сөз. Оның үстінен әлеуметтік психология мамандарының зерттеулеріне сүйенетін болсақ, жастардың 12 %-і табиги психологиялық жағынан экстремизмге бейім тұрады екен (склонность к «смертельному риску»)<sup>2</sup>. Бұны да естен шығаруға болмайды.

Оқуга түсе алмаған жастарды күмәнді діни мектептерге тартып, фанатизмге тәрбиелеу фактілері де белгілі болып отыр. Бұл ретте «Қандай факторлар қазақ жастарының басқа дінді қабылдауларына әсер етеді ?» деген сауалға біздің жургізген нақтылы әлеуметтік зерттеулеріміздің нәтижелері мынадай: 31% — ұлттық рухтың төмендігі, 23% — құнқөрістің қындығы, 20% — тәлім-тәрбиенің нашарлығы, 26% — миссионерлік күштің үгіт насиҳат деп жауап берген. Бұдан шығатын қорытынды: діни экстремизм мен лаңқестіктің алдын-алудың басты бір жолы — халықтың, әсіресе, жастардың оқып, білім алудына мемлекет тарағынан жағдай жасалыну, бақылауға алыну қажеттігі.

Жастардың мінез-кулқы толқымалы болып келеді. Дүниежүзілік аренада болып жаткан оқиғаларды бұлардың әрқайсысы өзінше түсіндіреді. Өз көзқарасы саяси жағынан оншалықты орнығып болмаған жастарға телеэкрандардың және «сары пресса» деп аталатын басылымдардың теріс ықпалы да айтарлықтай. Соның нәтижесінде жастардың арасынан түрлі зорлық-зомбылықтарды қайталағысы келетіндер табылып қалады. Ондайлар адамгершілік, мораль дегендерден мүлдем бас тартады. Ал олардың кейбіреуі наркоман және алкоголик болса мәселе онан сайын ушығады.

Осы жерде террорлық күш қолдану және оған қарсы курс бірін-бірі ушықтыра түсетінін айтпай кетуге болмайды. Террорға қарсы «әділетті» соғыстың зардабын көрген, ата-анасынан айрылған жастар кезі келгенде қайыры кек алу мақсатында, жаңа террорлық актіге барапы сөзсіз. Олай болса жастар арасындағы тәлім-тәрбие мәселесі маңызды роль атқарады. Оларға әсіресе саяси сауаттылығын арттырудың маңызы зор. Кезінде П. Сорокин айтқандай «кез келген қоғамның тағдыры ең алдымен сол қоғамның мушелерінің қасиеттеріне байланысты. Ақымақтар мен дарынсыз адамдардан тұратын қоғам ешуақытта оңбайды»<sup>3</sup>.

Бұл ретте діни экстремистік идеология жастарды өз жағына көпtek тартуға тырысады. Сондықтан жастардың сана-сезімін түрлі бұлдрулерден, шынары діни адамгершілік жолдармен қорғай білу қажет. Бұл ретте дүниежүзілік діндердегі күштеуді теріске шығаратын принциптердің маңызы зор. Сонымен қатар діндерді саяси мақсатта пайдалану жолдарын да тереңірек зерттеген жөн. Республикада зайырлы тәрбиені күшету шараларын зандастырып, оны іске асыру қажет.

<sup>1</sup> Кезінде ІІ. Алтынсарин орыс достарына жазған хаттарында, қазактарға татар фанатизмінің ықпалын тигіздірмей қажеттігі туралы жазғаны белгілі. Олардың білім алудына кесірін тигізбеу үшін 1883 жылы өзінің

---

"Мұсылмандық тұтқасы" атты оқу құралын жазып ұсынады.<sup>2</sup> Оған себеп сол заманда қазақ ауылында оқытылатын діни кітаптар («иман-шарт», «кәлем-шәриф», «әптиек» т. б.) араб тілінде жазылғандықтан оның мазмұнын не молда, не окушы түсінбей құрғақ жаттайтын болған.

<sup>2</sup> Мегаполис. 2003. 21-маусым.

<sup>3</sup> Караныз: *Пугачев В.П., Соловьев А.И.* Введение в политологию. — М., 2000. — 75-б.